

2022 жылғы 9-15 сәуір аралығындағы кезеңге АПТАЛЫҚ ГИДРОЛОГИЯЛЫҚ БОЛЖАМ

NASA спутниктері суреттерінің деректері бойынша 31.03-07.04.2022 ж. кезеңінде "Қазгидромет" РМК есептеген Қазақстан аумағының қармен жабылған ауданы 45% - дан 9% - ға дейін азайды (1-қосымша).

ҚР жазық аумақтарының өзен бассейндері бойынша ылғал қорының көлемі мен топырақтың қату тереңдігі 2-қосымшада келтірілген.

2022 жылғы 9-15 сәуірдегі апталық синоптикалық болжамға сәйкес атмосфералық фронттардың өтуімен барлық кезеңде батыста, солтүстік-батыста, оңтүстікте, оңтүстік-шығыста, 11-15 сәуірде орталықта, 12-15 сәуірде солтүстікте жаңбыр күтіледі. 9 сәуірде Түркістан, Жамбыл облыстарында, 11 сәуірде Қызылорда облысында, 13-14 сәуірде Батыс Қазақстан облысында, 13-15 сәуірде Атырау облысында қатты жаңбыр күтіледі, осыған байланысты **республиканың оңтүстік, оңтүстік-шығысындағы таулы аудандарда баурайлы ағын қалыптасады деп күтілуде.**

ҚР солтүстік жартысы мен шығысында түнгі температураның орташа теріс мәндерінен оң мәндерге дейін жоғарылауы күтіледі, күндізгі сағаттарда көрсетілген кезең соңына қарай ауа температурасы 15-22 °С-қа дейін жылынады, шығыста 20-25 °С-қа дейін көтеріледі (3-қосымша), **осыған байланысты Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстарының өзендерінде мұз құбылыстарының әлсіреуі және су деңгейлерінің көтерілуі күтіледі.**

Қарағанды облысы бойынша

31.03-07.04.2022 ж. кезеңінде жинақталған ылғал қорының көлемі:

- **Нұра өзенінің бассейнінде** қар толығымен еріді;
- **Шерубайнұра өзенінің бассейнінде** қар толығымен еріді;
- **Кеңгір өзенінің бассейні бойынша** 277 млн. м³-қа азайды және 20

млн. м³ құрайды.

2022 жылғы 9-15 сәуір аралығын

кезеңіне арналған ағынның болжамды көлемі

- Нұра өз. Самарқанд су қоймасына келіп түсетін су 24-36 млн. м³ көлемінде (Балықты ГБ тұстамасы бойынша);
- Шерубайнұра өз. Шерубайнұра су қоймасына келіп түсетін су 8-12 млн. м³ көлемінде су (Қарамұрын ГБ тұстамасы бойынша);
- Кеңгір өз. Кеңгір су қоймасына келіп түсетін су 1.6-2.4 млн. м³ көлемінде (Қаракеңгір және Сарыкеңгір БП тұстамалары бойынша).

Есіл өзенінің алабы бойынша. (Ақмола облысы және СҚО бойынша)

24.03-31.03.2022 ж. кезеңінде жинақталған ылғал қорының көлемі:

- **бастаудан Астана су қоймасына дейін** 5 млн. м³ ұлғайды және 228 млн. м³ құрайды;

- **Қалқутан өз. алабы бойынша** (Есіл өзенінің саласы) 33 млн. м³-қа ұлғайды және 1337 млн. м³ құрайды, бұл орташа көпжылдық мәннен 18%-ға аз;

- **Жабай өз. алабы бойынша** (Есіл өзенінің саласы) 606 млн. м³-қа азайып, 358 млн. м³ құрайды, бұл орташа көп жылдық мәндерден 66%-ға кем;

- **Сергеев су қоймасы** 5664 млн.м³-қа азайып, 944 млн. м³ құрайды;

- **Сілеті өз. алабы** бойындағы қар толығымен еріді;

- **Шағалалы өз. алабы** бойындағы қар толығымен еріді.

2022 жылғы 9-15 сәуір аралығындағы кезеңге арналған ағынның болжамды көлемі

- **Есіл және Мойылды өз. арқылы** Астана су қоймасына келіп түсетін су 43-65 млн. м³ көлемінде (Түрген және Николаевка ГБ тұстамасы бойынша);

- **Есіл өз. Сергеев су қоймасына** келіп түсетін су 280-420 млн. м³ көлемінде (Тоқсан би және Иманбурлық-Соколовка ГБ тұстамасы бойынша);

- **Сілеті өз. Сілеті су қоймасына** келіп түсетін су 15-25 млн. м³ көлемінде (Бестоғай ГБ тұстамасы бойынша);

- **Шағалалы өз. Шағалалы су қоймасына** келіп түсетін су 8-14 млн. м³ көлемінде (Павловка ГБ тұстамасы бойынша).

Ақтөбе облысы бойынша

31.03-07.04.2022 ж. кезеңінде жинақталған ылғал қорының көлемі:

- **Ілек өз. алабы** бойындағы қар толығымен еріді;

- **Қарғалы өз. алабы бойынша** 173 млн.м³-қа азайып, 36 млн.м³ құрайды, бұл орташа көп жылдық мәндерден 82%-ға кем.

2022 жылғы 9-15 сәуір аралығындағы кезеңге арналған ағынның болжамды көлемі

- Ілек өз. арқылы Ақтөбе су қоймасына келіп түсетін су 40-60 млн. м³ көлемінде (Бестамақ ГБ тұстамасы бойынша);

- Қарғалы өз. арқылы Қарғалы су қоймасына келіп түсетін су 24-36 млн. м³ көлемінде (Троицкое және Қосістек ГБ тұстамалары бойынша).

Батыс Қазақстан облысы бойынша

31.03-07.04.2022 ж. кезеңінде Батыс Қазақстан облысының барлық өзен алаптарында (Шыңғырлау, Шежін-2, Деркөл, Шаған, Өленті, Шідерті) қар

толығымен еріді. Өзендердің көпшілігінде судың жоғары шыңдары өтты, өзендердегі су деңгейі біртіндеп төмендеуде.

Қостанай облысы бойынша

31.03-07.04.2022 ж. кезеңінде Қостанай облысының барлық өзен алаптарында (Тобыл, Аят, Торғай және Қараторғай) қар толығымен еріді.

2022 жылғы 9-15 сәуір аралығындағы кезеңге арналған ағынның болжамды көлемі

- Тобыл өз. арқылы Жоғарғы Тобыл су қоймасына келіп түсетін су 1.2-1.8 млн. м3 көлемінде (Гришенка ГБ тұстамасы бойынша);

- Аят өз. арқылы Қаратомар су қоймасына келіп түсетін су 3.3-4.0 млн. м3 көлемінде (Варваринка ГБ тұстамасы бойынша).

Таулы өзендер

Шығыс Қазақстан, Түркістан, Жамбыл және Алматы облыстарының таулы өзендерінде, ел аумағында қалыптасатын су тасқыны жауын-шашынның көп түсуіне байланысты болады.

Шығыс Қазақстан облысы бойынша

Облыс аумағында қармен жабылған аудан 31.03-07.04.2022 жылдар аралығында 66%-дан 33%-ға дейін азайды.

Шүлбі су қоймасынан төмен Ертіс өзенінде, Семей қаласынан РФ шекарасына дейін мұз құбылыстарының әлсіреуі байқалады (мұздағы сулар, жыралар, жиек мұздар).

Түркістан, Қызылорда, Жамбыл және Алматы облыстары бойынша

31.03-07.04.2022 кезеңіндегі қашықтықтан зондтау суреттері бойынша қар жамылғысының ауданы:

- Түркістан облысында 4%-дан 2%-ға төмендеді;
- Қызылорда облысында қар жоқ;
- Жамбыл облысында 2%-дан 1%-ға төмендеді;
- Алматы облысында 20%-дан 13%-ға төмендеді.

Қазақстан Республикасының таулы аймақтарындағы топырақтың тоңдану қабаты туралы мәліметтер 4-қосымшада келтірілген.

Сәуір айындағы метеостанцияларда жүргізілген көпжылдық бақылаулар бойынша жауын-шашынның айлық нормасы (жаңбыр түрінде) бір тәулікте түсуі мүмкін, бұл қауіпті табиғи гидрометеорологиялық құбылыстардың туындауына әкелуі мүмкін.

5-қосымшада Қырғызгидрометтің 2022 жылғы вегетациялық кезеңге арналған нақтыланған гидрологиялық болжамы келтірілген.

Қырғызгидромет гидрологиялық болжамдарының деректері бойынша Сырдария өзені алабындағы өзендердің сулылығы **норма шегінде** және одан **төмен** болады деп күтілуде. Шу және Талас өзендерінің алабы бойынша сулылық **норма шегінде** күтіледі.

Бас директор

Д. Алимбаева

Бас директордың орынбасары

С. Саиров